

«БЕКІТЕМІН»

«Астана қаласының

Денсаушылықтыру және спорт

баскармасы» ММ

басшысының м.а.



А. Агзамов

2025 жыл

«КЕЛІСЕМІН»

Астана қаласы әкімдігінің

«Спорттық-бұқаралық іс-шараларды

өткізу дирекциясы» КММ

басшысы



А. Белгибаев

2025 жыл

«КЕЛІСЕМІН»

«Астана қаласының триатлон

федерациясы» ҚБ

бас хатшысы



Ж. Кожмахметов

2025жыл

«ASTANA DUATHLON» жарысының ЕРЕЖЕСІ

Астана қаласы, 2025 жыл

1. ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУІ МЕН КЕТУ КҮНІ.

«ASTANA DUATHLON» (бұдан әрі - Жарыс) - Астана қаласының әрбір тұрғыны мен қала қонақтары қатыса алатын, әуесқой спортшыларына арналған қалалық ауқымдағы спорттық іс-шара.

Жарысты өткізудің мақсаттары мен міндеттері.

- 1) Елордада бұқаралық спортты дамыту;
- 2) Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары арасында СӨС насихаттау;
- 3) Жүгірумен айналысу уәждемесін қолдау;
- 4) Алдын алу мақсатында спортпен шұғылдану саласындағы қоғамның санасын жаңғырту;
- 5) Ұлтты сауықтыру;
- 6) Олимпиадалық спорт түрін насихаттау үшін басқа аймақтардан да қатысушылардың қызығушылығын арттырып жарысқа тарту.

Өткізілетін күні: 2025жыл 11 қазан (Жарысты ұйымдастырушылар ауа райына байланысты өткізілетін күнін өзгертуі мүмкін).

Өтетін орны: Астана қ., «Астана Триатлон» саябағы (автожолды жабусыз).

Өткізу уақыты: 08:00–12:00.

Уақыты	Іс-әрекет
08:00	Транзиттік аймақтың ашылуы.
08:45	Транзиттік аймақтың жабылуы, құттықтау сөзі.
08:55	Жалпы дене қыздыру жаттығулары.
09:00	Старт.
11:10	Жолды жабу.
11:40	Жеңімпаздарды марапаттау.
12:00	Жарыстың жабылуы

Старттық пакеттерді беру: Б.Момышұлы даңғылы, 2 Б, н.п. 12 (орны мен уақыты өзгеруі мүмкін).

10.10.2025 – 10:00-ден 19:00-ге дейін.

Өзіңізбен бірге жеке басын куәландыратын құжат болуы тиіс.

Жарыстарды өткізу жүйесі.

1) Жарыс белгілі маршрут бойынша қашықтықта әр жас санаттарын ескере отырып өткізіледі.

- жүгіру кезеңі - 5 км, өту лимиті-45 минут;
- велосипед кезеңі - 20 км, өту лимиті -60 минут;
- жүгіру кезеңі - 2,5 км, өту лимиті - 25 минут.

Бүкіл қашықтықты өтудің уақыт лимиті - 2 сағат 10 минут.

2) Мәреге жеткен әрбір қатысушы чипті ұйымдастырушыларға қайтарғаннан кейін медаль алады.

3) 2 сағат 10 минут берілетін уақыт лимитінде келмеген қатысушылар жарыстан шегеріледі.

4) Жарысқа қатысушыда міндетті түрде:

- Велосипед шлемі;

- Жарамды велосипед болу керек.

5) Жарысқа тас жол, қалалық және тау велосипедтерін қолдануға болады.

Драфтинг рұқсат етіледі.

Жекелей старттарға арналған велосипедтерді қолдануға тыйым салынады (ТТ-велосипедтер).

6) Велосипед кезеңінде велошлем пайдалану міндетті болып табылады.

7) Қатысушыға түймеленбеген велошлеммен велосипедті жүргізуге тыйым салынады.

8) Қатысушыға транзиттік аймақта велосипедті жүргізуге тыйым салынады.

9) Қатысушыға MOUNT отырғызу сызығынан кейін велосипедке отыруға рұқсат етіледі, DISMOUNT сызығына дейін велосипедтен түсіп, жаяу жүруге тиіс.

10) Барлық кезеңдерде ашық кеудемен қозғалуға тыйым салынады.

11) Барлық жабдықтар транзиттік аймақта қатаң белгіленген жерде болу керек (велобағанада белгіленген зона, кәрзеңке немесе себет).

12) Жабдықтар мен құралдарды дайындау, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру жұмыстарын қатысушылар өздері жүзеге асырады.

13) Жабдықты жалға алуға байланысты шығындарға қатысушы жауапты.

14) Спорт түрінің Ережесіне сәйкес осы Жарыс Ережесінде қарастырылмаған триатлон (дуатлон) бойынша ережені барлық қатысушылар сақтау қажет.

Ережені бұзған кезде келесі жазалар қарастырылған - ауызша ескертпе, уақыт қосу жазасы, дисквалификация.

15) Қолайсыз ауа райы жағдайында ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша жарыс тоқтатылуы/кейінге қалдырылуы немесе жарыс қашықтығы өзгертілуі мүмкін.

16) Уақыт лимитінде қашықтықты өте алмаған қатысушылар дистанциядан шегеріледі.

17) Велосипедті жалға алу шығындарын қатысушы өзі өтейді.

18) Мәреге жеткен әрбір қатысушы чипты қайтарғаннан кейін финиш медалін алады.

Төрешілер алқасының сандық құрамы.

Төрешілер алқасына 11 төреші кіреді, оның ішінде:

-бас төреші;

-бас хатшы;

- хронометр төрешісі;
- мәре аймағының төрешісі;
- сөре аймағының төрешісі;
- велосипед кезеңінде 2 төреші;
- жүгіру кезеңінде 2 төреші;
- транзиттік аймақта 2 төреші.

Жарыстың хронометражы арнайы жабдықтармен жүзеге асырылатын болады. Қатысушылар чиптерді старт алдында алады және жарысты бітірген кезде мәреде қайтарады.

Нәтижелер тайминг жүйесімен автоматты түрде бекітіледі және хаттамаға енгізіледі. Жарыс хаттамасы жарыскүні www.astanatriathlon.kz сайтында жарияланады.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ.

Денсаулық жағдайы бойынша келесі жас санаттарында қашықтықты еңсеруге қабілетті қатысуға барлық ниет білдірушілер (ерлер мен әйелдер) шақырылады.

- 18-29 жас,
- 30-39 жас,
- 40-49 жас,
- 50-59 жас,
- 60 жас және одан жоғары.

Жарысқа қатысушылар санының лимиті - 150 адам.

Қатысушының жасы 2025 жылдың желтоқсанның 31-не анықталады.

Өзіңізбен бірге жеке басын куәландыратын құжат болуы тиіс.

Қатысушы ұйымдар.

«Астана қаласының Триатлон Федерациясы» ҚБ:

- Жарысты дайындау мен өткізуге жалпы басшылық ету;
- қатысушыларды тіркеуді ұйымдастыру;
- төрешілер қызметінің шығындарын өтеу (оның ішінде салықтар);
- жедел медициналық жәрдем бригадасымен қамтамасыз ету;
- жабдықтар мен инвентарьларды жалға алу (тайминг жүйесі, чиптер, рациялар, конустар, турникеттер, велостойкалар, себеттер);
- спорт қалашығын ұйымдастыру (шатырлар, баннер, сахна, үрлемелі аркалар, музыкалық жабдықтар, металл қоршаулары, үстелдер және т.б.);
- старттық пакеттерді беру;
- жүргізуші, диджей, фото-видео қызметтерін, дене қыздыруды ұйымдастыру;
- тайминг жүйесінің операторы қызметінің шығындарын өтеу;
- спорт қалашығын ұйымдастыру үшін көлік шығындарын өтеу;
- жарысты өткізу, қорытынды жасау және марапаттау;

- тамақтандыруды ұйымдастыру (ұйымдастырушылар, еріктілер, қатысушылар;
- марапаттауға арналған жүлделермен қамтамасыз ету;
- полиграфиялық және сувенирлік өнімдерді дайындау (медальдер, дипломдар, баннер, старттық нөмірлер, жабдықтарға арналған жапсырмалар, сертификаттар және т.б.);
- алды ала ескерілмеген шығындар.

«Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

- іс-шара өткізуге келісім беру, жарыс ережесін бекіту, іс-шараға жалпы үйлестіру;

Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ қалалық жоспар-тапсырма шеңберінде қамтамасыз етеді:

- іс-шара өтетін күні қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті сақтау (көлік қозғалысын уақытша шектеу);
- электр энергиясымен жабдықтау;
- спорт қалашығын ұйымдастыру (биотуалеттерді, қоқыс жәшіктерін орнату);
- жарыс трассасын дайындау (аумақты тазалау жұмыстарын жүргізу).

3. МЕДИКАЛЫҚ – САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Ұйымдастырушылар мен осы жарысты ұйымдастыруға қатысқан адамдар қатысушылардың денсаулығы үшін жауап бермейді.

Спорттық іс-шараға бірінші кезектегі шақыру бойынша жедел медициналық жәрдем бригадасы қызмет көрсететін болады.

Тазалық пен тәртіп сақтау қажет.

Допингке қарсы бақылау қарастырылмаған, өйткені жарыстың басты мақсаты– насихаттау.

4. ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ.

Қатысушыларды тіркеу 2025 ж. қыркүйектің 12-нен қазанның 9-на дейін www.astanatriathlon.kz сайтында жүргізіледі. Тіркеу қатысушылардың саны лимитке (150 адам) жеткен жағдайда алдын-ала автоматты түрде жабылуы мүмкін.

Қатысушы атынан старттық пакетті алу - алушының атына сенімхат пен жеке куәліктің көшірмесін көрсету арқылы ғана алуға болады.

Барлық қатысушылар старттық пакетті алған кезде денсаулық туралы қолхатқа қол қояды.

Жарысқа 18 жастан асқан және жоғарыда аталған шарттарды орындайтын барлық ниет білдірушілер қатыса алады. Қатысушының жасы 2025 жылдың желтоқсанның 31-не анықталады.

5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ.

Әр жас тобындағы жарыстың жеңімпаздары бүкіл қашықтықты еңсеруге жұмсалған ең аз уақыт бойынша анықталады.

Әр жас және гендерлік санаттағы жеңімпаздар 1-3 орын үшін сыйлықтармен марапатталады.

Барлық қатысушылар қатысқаны үшін мәреде медальдармен марапатталады.

Жеңімпаздарды ұйымдастырушы марапаттайды.

6. ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫМДАНУ МЕН НАРАЗЫЛЫҚТАР.

Наразылықтар жарыстың ұйымдастырушыларына беріледі және жарыстың төрешілер алқасы қарайды.

Жарысқа қатысушы жарыс аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде шағым беруге құқылы.

Шағымдар электрондық поштаға жіберіледі: info@astanatriathlon.kz.

Жарысқа қатысушыға наразылық білдірген кезде мынадай деректерді көрсету қажет:

- қатысушының тегі мен аты (анонимді өтініштер қаралмайды);
- наразылықтың мәні;
- наразылықтың негіздері (фотосурет, жеке секундомер, субъективті пікір және т.б.).

Жарыстың ұйымдастыру комитеті наразылық алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жарысқа қатысушыға ресми жауап дайындайды, ол наразылық берілген электрондық поштаға жіберіледі.

Наразылықтар тек жарысқа қатысушылардан қабылданады.

Жарыс туралы толық ақпарат www.astanatriathlon.kz сайтында орналастырылған, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің әлеуметтік желілерінің аккаунттарында https://www.instagram.com/astana_triathlon/;

Жарыстың ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауап бермейді.

Жарысқа қатысуға байланысты шығыстарды (жолжүру, тұру) әрбір қатысушы өзі немесе қатысушыны іс-сапарға жіберетін ұйым көтереді.

Осы Ереже жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жауапты: Гульмира 8 747 679 7279